

**ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ  
МАЛ ТАБЫНЫНА  
СИЫРЛАР МЕН  
ТАНАШЫҚТАРДЫ ТАҢДАУ**




# ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ МАЛ ТАБЫНЫНА СИЫРЛАР МЕН ТАНАШЫҚТАРДЫ ТАҢДАУ

## 1.1 Төл өндіру бойынша тиімділігі

Сиырларды іріктеу кезінде өнімділік қасиеттеріне көп көңіл бөлінеді. 1.1. суретте ұшалардың сапа көрсеткіштері мен өнімділігі бойынша іріктеуден алынатын табыспен салыстырғандағы төл өндіру тиімділігі бойынша іріктеуден алынған қатысты экономикалық табыс көрсетілген. Салыстыру нәтижесінде өндірушілік қабілеттің қаншалықты маңызды екенін және сиырларды іріктеу мен бракқа шығару кезінде оған неліктен көп көңіл бөлу керектігін көруге болады. Шын мәнінде төлдерді енесінен ажыратудан түсетін табыс мөлшері төлдердің салмақ қосуынан 2 есе, ал ұшаның сапасы бойынша түсетін табыстан 20 есе артық. Мал шаруашылығының міндеті әр 100 сиырға шаққандағы 90 төлді енесінен ажырату. Төлдеу мезгілі 45-60 күнді құрайтын мал өсіру бағдарламаларында, 5% жуық сиыр ұрықтандырылмай қалады. Әдетте, 100 ұрықтандырылған сиырдан 5 төл кем алады. Сиырдан төл алмай қалудың себебі келесідей болуы мүмкін:

- 1) 56,8% — сиыр ұрықтандырылмаған;
- 2) 11,1% — өлі туылған төлдер;
- 3) 3,9% — кемтарлық;
- 4) 16,4% — малдың іш тастауы;
- 5) 11,8% — жазым болу, ауруға шалдығу және зиянкестер.



1.1 сурет Етті бағыттағы малдың үш маңызды селекциялық қасиеттері бойынша түсетін қатысты табыс мөлшері

1.2 (1.1 сурет сипаттамасы - Өндірушілік қабілеті - 20, Өнімділігі - 10, Ұша сапасы - 1)

Кез келген мал өсіруші өндіріс рентабельділігінің негізі бұл барлық сиырларды ұрықтандырып, олардан дені сау төл алу екенін жақсы біледі. Бұл көрсеткіш төлдердің шығуы деп аталады (шағылыстыру мерзімінде енесінен ажыратылған төл саны мен сиырлардың жалпы санының пайыздық қатынасы). Зерттеулер барысында ұрықтандыру және өнімділік қасиеттерімен байланысты қабілеттері төмен тұқымқуалаушылыққа ие екендігі белгілі болды. Басқаша айтқанда, аталмыш көрсеткіштерге іріктеу арқылы әсер ету қиынға соғады. Өндірушілікпен байланысты мәселелердің қайталану деңгейі жоғары екендігін сонымен қатар басқа да маңызды көрсеткіштер сияқты өндірушілік қасиетке де іріктеу бойынша үлкен мән берілсе оның экономикалық тиімділігінің де маңызды болатынын тәжірибе көрсетуде.

Сиырлардың тіршілік ету ұзақтығының да маңызы аз емес. Өнімділігі жоғары сиырларды ұзақ уақыт қолдану табын толықтырушы тұмсаларды азырақ енгізіп, нәтижесінде төл өндіру бойынша тиімділікті жоғарлатуға әкеледі. Алғаш төлдеген сиырлардан алынған төлдерді енесінен ажырату 10% төмен болады.

АҚШ-та сиырларды қолданудың орташа ұзақтығы 8,5 жыл (сиырдан 4—5 төл алынады). Үздік табындар үшін 2 жас шамасындағы алғаш төлдеген кезден 5,5-6,5 өнімді жылды құрайды. Сиыр табынының иесі жыл сайын жаңадан төлдеген төлдердің ішінен 45%-ын табын толықтырушы тұмса ретінде алып қалып отыруы керек. Бұл өз кезегінде 4-5 жыл аралығында табынды толығымен жаңартуға және жыл сайын табындағы сиырлардың 20% алмастыруға мүмкіндік береді. Шаруалардың көбі сиырларды 8-9 жас шамасында бракқа шығарып тастайды. Бракқа шығарылуы керек сиырлар мен табында қалдыруға тиіс табын толықтырушы тұмсалардың санын келесі формула бойынша анықтайды:

$$\text{Алмастыруға қажетті сиыр саны \%} = \frac{100}{\text{тіршілік ету барысындағы өнімділігін ұзақтығы 6}} = \frac{100}{6} = 16,6$$

$$\text{Табын толықтыруға қалдыратын тұмса саны \%} = \frac{\% \text{ Алмастыруға қажетті сиыр саны } \times 2,0 \times 1,6}{\% \text{ енесінен ажыратылған төлдер}} = \frac{16,6 \times 2,0 \times 1,2}{90} = 44,2 \%$$

Төл өндіру бойынша тиімділікті жоғарлату үшін келесі жұмыстарды атқару ұсынылады:

1. Шамамен алғанда 50 % артық табын толықтырушы тұмсаларды қалдырған жөн, егер 100 табын толықтырушы тұмса қажет болса, тиісінше 150 тұмса қалдырады.
2. Табын толықтырушы тұмсаларды 14—15 айлық жас шамасында ұрықтандыру керек.
3. Ересек сиырлардың табынына қарағанда табын толықтырушы тұмсаларды 20-30 күнге ертерек ұрықтандыру қажет
4. Шағылыстыру және төлдеу маусымдарында табын толықтырушы тұмсалар мен сиырларды 45-60 күн аралығында ұрықтандырған жөн
5. Шағылыстыру маусымының 60-шы күні барлық сиырлар мен тұмсалардың буаздығын тексеру керек. Ұрықтандырылмағандарын бракқа шығарады.
6. Әр 12 ай сайын бұзау алынбайтын сиырларды бракқа шығару керек.

## 1.2 Табын толықтырушы тұмсаларды іріктеу

Жас мол өнімді сиыр табының генетикалық ілгерілеу жылдамдығы табын толықтырушы тұмсаларды іріктеу әдістеріне байланысты.

Табын толықтырушы тұмсаларды іріктеудің жүйелік бағдарламасы келесідей:

1. 205 күн жас шамасындағы тұмсаның тірі салмағын анықтау.
2. Көрсеткіштері төмен және ең ұсақ малдардың үштен бірін бракқа шығару.
3. Қалдырылған тұмсалардың  $\frac{2}{3}$  ішінен келесі малдарды бракқа шығарады:
  - а) денсаулық жағдайы нашар екендігін білдіретін көрсеткіштері барларын;
  - б) 3 және одан да төмен балды ұсақтарын;
  - в) ұрғашы мал көрсеткіштері әлсіз білінетіндер;
  - г) шамадан тыс азықтандырылғандар.
4. 12 айлық жас шамасында тұмсалардың тірі салмағын анықтайды.
5. Нашар өсіп-дамитындарын бракқа шығарады.
6. 60 күні тұмсаларға бұқаларды жібереді, кейіннен оларды буаздыққа тексеріп, ұрықтандырылмағандарын бракқа шығарады.
7. Алғаш төлдеуден кейін малдардың бір бөлігін бракқа шығарады.

## 1.3 Сиырларды бракқа шығаруды анықтайтын көрсеткіштер


Табынға жас әрі генетикалық жағынан едәуір жетілдірілген табын толықтырушы тұмсалар мен сиырларды енгізетін ілгері мал өсіруші тиісінше, келесі ақпаратты негізге алып, уақытында төмен өнім беретін ересек сиырларды бракқа шығарып отыруы керек:

1. Олардың бұрынғы өнімділік көрсеткіштеріне қарамастан, шағылыстыру маусымының 45-60 күнінде ұрықтандырылмаған сиырларды бракқа шығаруы тиіс. Буаздыққа тексеру нәтижелерінің негізінде шешім қабылдайды.

2. Ұрпақ өнімділігі төмен сиырларды бракқа шығару:

- а) енесінен ажырату кезінде орташа тәуліктік өсім 90% төмен емес, ал бір жас шамасында топ бойынша орташа көрсеткіштен төмен болмауы керек;
- б) жылдан жылға өнімділік көрсеткіштері біркелкі емес, әдетте бұл қолданыстағы бұқаның сапасы мен оның жоғары өнімді қасиеттерін ұрпағына беру қабілеттілігінің төмен болуына байланысты.
- в) экстерьері мен дене бітімінің бағасы төмен бұзаулар.

## Мінсіз (ұнамды) асыл тұқымды қашардың фенотипі



Мағлұмат көздері:  
АҚШ-тағы сиыр етінің  
өндірісі: етті ірі қара.  
Г. Миниш, Д. Фокс.